

## ЖАМБЫЛ ӨНІРІ ОЙКОНИМДЕРІНІҢ ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Белгілі аймақтағы ойконимдер белгілі бір халықтың немесе бірнеше халықтың тілдік негізінде жасалады. Ойконимдердің этимологиясын зерттеудің жалпы есімдермен ортақ жақтары да және өзіндік жақтары да болады.

Өйткені облыс ойконимдері құрамы мен құрылысы және шығу тегі этимологиясы жағынан алуан түрлі: Олардың құрамында ежелгі заман мен ерте орта ғасыр, орта ғасырға тән келетіндері бар. Ежелгі заманға тән ойконимдердің мән-мағынасы, шығу төркіні бүгінде жалпыға белгісіз, көбіне түсініксіз.

Сондықтан олардың мән-мағынасын тарихи-лингвистикалық тұрғыдан зерделей зерттеудің, мүмкіндігінше этимологиясын ашудың маңызы айрықша. Осы ретте біз Жамбыл облысы ойконимдерін тарихи-лингвистикалық тұрғыдан талдауды негізге алдық. Әлбетте, бұл міндетті орындау барысында олардың шығу төркіні, тегі – эти-

мологиясына назар аудару басты мәселе болып саналады.

Ойконимдердің мағынасын, құрылымын, шығу төркінін және басқа жақтарын зерттеуде тілдік бағытта зерттеумен қатар география, тарих, археология, этнография, кей реттерде биология, геология ғылымдарының деректеріне де сүйенудің орны бар. Егерде география және тарих мамандары топонимика мәселелерімен шұғылданса, онда олар ойконим жасалудағы және екінші бір тілде олардың өзгеріске түсуіндегі фонетикалық, грамматикалық заңдылықтарды білулері қажет, өйткені онсыз ойконимдердің көне формасы мен шығу тегі және өзге тілдерден қалған, болмаса енген ойконимдердің бейімделген немесе бұрмаланған тұлғаларын ашу мүмкін емес. Егер бұл айтылғандар еске алынбаса, ойконимдерді шығу тегі жағынан зерттеу не «лингвистикалық», немесе тек «географиялық», немесе «тарихтық» қана

болып қалуы мүмкін. Олай болса, топонимия соңғы жылдарда география, тарих және лингвистика ғылымдарының түйісуінен жеке ғылым ретінде қалыптасқанын ескерсек, елді мекен, жер-су аттарының шығу тегін ғылыми терең зерттеу үшін этимологиялық зерттеулерге тән әдістеме мен тәсілдерге барынша назар аударып, ден қоюымыз керек.

Ғалымдар, тіл ғылымы тұрғысынан, ойконимдердің төркінін зерттеу үшін алдымен белгілі аймақтағы ойконимдерді синхрондық бағытта лексика-семантикалық және лексика-грамматикалық тұрғыдан зерттеу жүргізу қажет деген пікірлер айтады. Мұндай зерттеулер жер аттарының қойылуында, мағынасында және грамматикалық амалдары жағынан қандай заңдылықтары бар екенін жете түсінуге және этимологиялық зерттеулерге жол ашады. Осы мәселелерге орай, өзінің құрамы жағынан ойконимдер екі үлкен бөлімнен тұрады. Ә.Әбдірахманов өзінің «Топонимика және этимология» [1] атты еңбегінде этимологиялық сөздіктерге талдау жасай отыра, «...этимологиялық зерттеулер нәтижесінде көптеген көне жұрнақтар анықталған»,—деп көрсетеді. Оларға мыналар жатады: *й/ей/ Алта+й, Керей/*. Соңғы этнонимнің этимологиясы: *кер/тау/+ей/ қазіргі лық*, мағынасын беретін көне жұрнақ, мағынасы «*таулық*»/

- *қай/ғай Аңыра+қай, Қапша+ғай/*
- *ты/ті Алма+ты/, Арғана+ты, Ебей+ті, Қалғұ+ты, Сөге+ті, Сіле+ті, Тара+ты, Тар/ы/+ты, Ұлас+ты, Шабар+ты, Тошан+ты/*
- *лы/лі, -ды/ді Даган+ды, Қаза/л/+лы, Қарқара+лы, Қарта/л/+лы/*
- *н /Бөге+н/*
- *ма /Бұқтар+ма, Сарқыра+ма/*
- *лақ/лек, -так/тек/ Е+лек, Маңғыш+лақ, Шар+лақ/*
- *ық /Жай+ық/, Ой+ық/*
- *ыл /іл/л/ Қағыл, Қи+ыл, Ой+ыл, /*
- *ар/ер/р/ От+ар, Отыр+ар, Топ+ар/.*

Сөздіктегі түбір сөздер этимологиясы мен осы көрсетілген жұрнақтар көне атаулардың типтерін көрсете отырып, әлі де талай басқа атаулардың этимологиясын ашуға кілт болып табылады. Осы тұжырымдарға негізделе отырып, Жамбыл облысы ойконимдерінің күнгірт тартқан, мағынасы мен формасы көнеленген түрлерінің шығу тегін — этимологиясын аша аламыз.

Этимология саласында: ғылыми этимология және халық этимологиясы деген ұғымдар бар.

Күнгірт дүниенің бәрін басқа нәрсеге не басқа бір халыққа телу халық этимологиясының бірден-бір дәстүрі. Мұны тіл тарихына, ел тарихына жауапкершілікпен қарағандық деуге болмайды. Тіл тарихының тасасында оны жасаушы халық тарихы тұратындығы мәлім.

Халық этимологиясын, топонимдердің шыққан төркінін зерттеумен ғалымдар ежелгі заманнан бері шұғылданып келеді. Оны көбінесе халық шығармашылығының талапкерлері жорамалдап қиыстырып келген. Кейбір болжам жасағандар ғылыми этимологияға терең бой бұрмай, ауыз әдебиеті нұсқасына жақын, халық аңыздарына сүйенеді. Жазба әдебиет нұсқаларында да жеке қаламгерлер топонимдердің мазмұнын халық мүддесіне жуықтатып, өз туындыларына кірінді эпизод ретінде көндіктіріп алады. Сөйтіп, этимология халық шығармашылығы қатарынан өтіп, суреткердің өз шығармасы қатарына енеді.

Этимология түйсік пен қиялдан шыққан әңгіме бойынша ашылмайды. Себебі, ойконимдердің шыққан тегін ажыратпас бұрын ең өуелгі қабаттар дәуірін, формант-жұрнақтарын терең зерттеп барып, этимология жайында түбегейлі пікір айтуға болады.

Сөздердің жасалу тарихы мен дамуына, яғни этимологиясына қатысты мәселелер ерте уақыттан-ақ адам баласын қызықтырған. Бұл жөнінде итальян ғалымы В.Пизани, Х.Шустер мен украин ғалымы А.А.Белецкий, неміс ғалымы М.Фасмер, Ресей ғалымдары: В.Н.Топоров, В.Шанский, Л.А.Булаховский т.б. Түркологтар В.Е.Егоров, В.И.Лыткин, С.Е.Малов, Э.В.Севортян т.б. еңбектерінде толық айтылған.

Этимология тарихы тіл білімі саласымен тығыз байланысты. Салыстырмалы-тарихи әдістің пайда болуы және үндіеуропа тілдерінің салыстырмалы грамматикаларының жасалуы да этимологиялық зерттеулерге негізделген. Салыстырмалы фонетика да этимологиямен төл дамыды. «Алайда этимологиялық зерттеулердің тарихы және теориясымен шұғылданушы авторлардың пікірлеріне қарағанда соңғы жылдар ішінде бұл саладағы ізденулер азайып кеткенін байқатады», — дейді Ә.Әбдірахманов [1].

Ал түркология саласында этимологиялық зерттеулердің кешеуілдеу, көлемінің аз болуы себебіне келсек, онда жоғарғы себептің үстінде 20 — 40-жылдар арасында ұлт тілдерінің әліпбиін, орфографиясын, мектептер мен жоғары оқу орындарының оқулықтарын жасау, түрліше (екі тілдік, терминологиялық, орфографиялық, түсіндірме

т.б.) сөздіктер жасау істері мемлекеттік, халықтық мүддеден бірінші орынға қойылды. Түркі тілдеріндегі этимологиялық зерттеулер, сөздіктер жасау мәселесі соңғы жылдарда қолға алына бастады.

Алайда көптеген түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілі үшін тарихи әдіс этимологиялық зерттеулерде бірінші орында емес. Ол біздің керенеулығымыздан немесе керітартпалығымыздан емес, тарихи-объективті жағдайдан: қазақ тілінің көне заманнан үзілмей келе жатқан жазба ескерткіштерінің тиісті дәрежеде зерттеліп дамымай жатқандығынан.

Сондықтан да түркі тілдері, соның ішінде қазақ тіліндегі этимологиялық зерттеулер үшін, біздіңше, салыстырма әдіс бірінші орында тұруға тиіс.

Түркі тілдерінің жазба ескерткіштері болып табылатын VI–VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей ескерткіштері, XI ғасырдағы М. Қашқари еңбегі т.б. нұсқалардың өзі бір ғана түркі тілінің ескерткіші болып табылмайтыны басы ашық нәрсе. Ендеше осы жазба ескерткіштерінің өзіне де салыстырмалы тұрғыдан сілтеме жасалады.

Ал салыстырмалы әдістегі екінші бір кесек сала – қазіргі түркі тілдері фактілерін салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Этимологиялық зерттеулердегі салыстырмалы әдісті жүзеге асыратын объектіміз – кең мағынадағы алтай тілдері, бұдан асса нострикалық тілдер.

Міне осы себептердің негізінде біз этимология саласында салыстырма әдіс көптеген түркі тілдері үшін бірінші орында болуға тиіс деп есептейміз.

Қазақ тілі бойынша жеке сөздердің этимологиясы туралы мақалаларды былай қойғанда, этимологияның принциптері, зерттелу тәсілдері т.б. мәселелер Ә.Қайдаров, А.Ысқақов, Ш.Сарыбаев, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Н.Қарашева, Ғ.Әнесов т.б. ғалымдар мақалаларында сөз болды.

Қазақ тіл білімінде этимологиялық зерттеудің әдістері, белгі (критерий) мен зерттеу принциптері туралы Ә.Т.Қайдаров пікірлері мен ұстанымдары: «этимологиялық зерттеулер қай тілде болмасын, негізінен үш принципке – фонетикалық, морфологиялық, лексика-семантикалық» принциптерге сүйенеді. Осымен қатар, салыстырмалы-тарихи, тарихи-салыстырмалы (типологиялық) әдістер де басшылыққа алыну керек [2, 25].

Ә.Әбдірахманов ойынша: «Тарихи топонимдердің этимологиясын қазіргі тіл дәрежесінде ашу

мүмкін емес, сол топоним жасалған дәуірдің тілдік материалдарынан іздеу керек» десе [1, 51], Т.Жанұзақ: «Этимология – тарихпен тығыз байланысты, диахронологиялық құбылыс. Сондықтан тарихи фонетиканы және алуан атаулардың түбір тұлғасын анықтап алмайынша нақты нәтижеге ие болу мүмкін емес. Топоним, антропоним, этнонимдердің этимологиясын айқындауда дәстүрлі әдіс, тәсілдермен қоса кешенді, тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық, құрылымдық, морфологиялық, семантикалық, компоненттік талдау және де басқа амалдарды қолдану нақты нәтижеге жеткізеді» деп топшылайды [3, 12].

Белгілі аймақтағы ойконимдер белгілі бір халықтың немесе бірнеше халықтың тілдік негізінде жасалады. Ендеше жоғарыда айтылған сөз этимологиясын зерттеу жөніндегі теориялық пікірлер мен ұсыныстардың ойконимдердің этимологиясын зерттеуге да қатысы бар. Алайда ойконимдердің этимологиясын зерттеудің жалпы есімдермен ортақ жақтары да, өзіндік ерекшеліктері де бар. Міне, осы мәселелер жайындағы пікірлерге қысқаша шолу жасап, өз тұжырымымызды ұсынуды жөн көрдік. Топонимдердің этимологиясын зерттеу мәселелері төңірегінде алғашқы пікірлер 1959 жылы шыққан «Қазақстан жер су аттары» атты еңбектің Штарауында қысқаша айтылған. Ал кеңестік дәуірде топонимиканың кейбір теориялық мәселелері мен оның алдында тұрған негізгі міндет – топонимдердің этимологиясын зерттеу екені 1962 жылы Мәскеуде өткен «Топонимика принциптері» деген Бүкілодақтық мәжілісте сөз болған.

Біз жоғарыда айтылған ономаст ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, облыс ойконимдерінің шығу тегі, төркінін тарихи-лингвистикалық әрі этимологиялық тұрғыдан зерттеуден туған кейбір ойларымызды ұсынуды жөн көрдік.

ТАРАЗ (Тараз) – қ. обл. орт. Ежелгі заманнан белгілі қала. 2001ж. екі мың жылдық тойы өтті. Тұңғыш рет 568 ж. византиялық елші Земарх жазбасында ұшырайды. 630 жылы ол туралы Қытай саяхатшысы Сю-ань-Цзан өз жазбасында Таразды Ұлы Жібек жолының бойында тұрған маңызды сауда орны деп атайды. VIII ғасырда Тараз қаласы Арғу-Талас, Алтын-Арғу, Талас ұлыс атауларымен мәлім болған. Атаудың мағынасы жайлы толық та, дара анық, дұрыс пікір айту өте қиын. Алайда Тараз, Тархан, Дараты сияқты топонимдердің бірінші сыңарларындағы *тар* = *дар* сөздері түбірлес әрі мәнделс болуы мүмкін деп

қараймыз. Олардың екінші құрамдарындағы *аз*, *аты*, *хан* сөздерінің де жеке мағыналы сөздер екені сөзсіз (Тараз туралы диссертацияда толық жазылған. Бұл қысқартылған нұсқасы).

**АЛААЙҒЫР** (Алаайғыр) – а. Шу ауданы. Бұл аттас мекендер Қазақстаннан басқа бүкіл Орта және Орталық Азия атыраптарында да бар. Соңғысында *Оля* – Ойғыр түрінде транскрипцияланған (Гронбчевский Б.Л. «Отчет о поездке в Кашгар и Южную Кашгарию» 1885г. Маргелен, 1886 г.). Алаайғыр атауларындағы ала компонентін түр.-монғ. тілдеріндегі *оло* «ұлы» немесе *аула* (авла емес) мәніндегі лексемалармен үндес деуге болады. Ала тұлғасындағы ороним де бар. Махмұд Қашқари: «Ала–Ферғана сыртындағы «йайлақтың» аты дейді (М.Кашгари, Диван лугат-ит турк. том I. Анкара, 1915. С. 32). Демек, *ала* деген таудың да аты болғаны. Ал *айғыр* сөзінің топонимия аясында өзiрге екі варианты анықталғандай: 1) *айғыр* – «өсімдік аты» (Мурзаев Э.М. «Краткий топонимический словарь», М., 1966. С. 354); 2) *айғыр* – «айрығ» сөзінің метатезалық кіріккен түрі, яғни сөз жасаудың метатезалық жолы. Соңғы варианты бойынша Алаайғыр топонимін «±лы айрығ (олоойрах)» мәніне жақын деуге болады. Бұл атаудың мағынасын «ұлы айрық» деп түсіндіру бар (Қойшыбаев, 1985, 40-б.). Бірақ республиканың басқа облыстарында Торыайғыр, Құлаайғыр деген жер, тау аттары бар. Соған қарағанда, бұл атаулар алуан түстес жылқыларға байланысты бір оқиғаға орай қойылуы мүмкін.

**АСПАРА** (Аспара) – а.о.; а., Меркі ауданы.

Бұл көне атаудың мағынасы халық арасында ұмыт болған. Көне түркі тілінде *ас-ыс-аш ыш* – «су», «өзен» *баран* – «қара». Таулы Алтайда Бараан-Коол-өзен, -а. - «Қарасу». Бараан-Су-сай, елді мекен «өара су», өзен. Бараан-Туу–букв. «темная гора» атаулардың бары аян. Бұл дәлелдерге қарағанда, Аспара атауының екінші сыңарындағы *пара* сөзі сол *бараан*, *баран* – «қара» сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі деп санасак, Аспара атауы қазіргі тіліміздегі Қарасу атауының нұсқасы деп пайымдаймыз.

**БАЛАСАҒҰН** (Баласагун) – қазіргі Тараз қаласы мен Ыссық көлдің арасындағы тарихи қала. XI ғ. ғалымы Махмұд Қашқари сөздігінде бірнеше рет кездеседі (Девону луготит турк. Ташкент, 1967. Т.1. 66, 67, 94, 145, 148, 60, 112, 114 беттер). Атаудың бірінші сыңарындағы *бала* сөзі географиялық атауларда келгенде «кіші», «кішкене» мағынасында қолданылады. Ғ.Мұса-

баев, Ә. Махмұтов *сагун* сөзін «аймақ» деген мағына білдіреді дейді. Ә.Әбдірахманов Барсыған атауындағы *сыған* сөзімен ұқсас, мәндес деп, *сыған* «қорғаныс», «бекініс». Демек, Баласағұн «кіші қорған, бекініс» деп қарайды.

**БАРСЫҒАН** (Барсыған) – Жамбыл облысы мен Қырғыз Республикасы шегарасындағы бастапқы орны белгісіз, ерте орта ғасырдағы тарихи қаланың аты. XI ғ. ғалымы Махмұд Қашқари «Барсыған–Афрасияп» ұлының аты. Барсыған шақарын салған сол еді, – дейді (Шығ. 424 б.). Атаудың бірінші құрамындағы *бар* сөзін көне түркі, тіліндегі «үлкен» сөзі деп қарасак, екінші құрамдағы *сыған* – «қала, бекініс, қорған» мағынасын білдіреді. Сонда Барсыған атауы «үлкен қала, үлкен бекініс, қорған» деген мағыналы атау деп жорамалдауға болатындай.

**БОРАЛДАЙ** (Боролдай) – а.о. Жуалы ауданы. Бұрынғы Луначарка. Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай облыс әкімінің 18.01.1994 ж. №8 Қаулысымен Боралдай аты қайтарылды.

Боралдай – Қаратау жотасының оңтүстік шығысындағы тау сілемі немесе Боролдай – Арыс өзенінің оң саласы. Жуалы ауданынан басталады. Көбіне Оңтүстік атыраптарда (қырғ. Боролдой). Түр. *борал* анықтауыш тұлғаға анықталатын *тай* («тау») тұлғасы тіркелген ороним. *Борал* немесе *бурул* немесе «теріс» ұғымын береді, таудың бітіміне қарай. Өзбек тіліндегі *борма тоғлор* тіркесі сол ұғыммен ұштасады. Боралдайдың өзге дублеттері Боралдайтау, Бурылтай, Бурыл төбе формаларында келеді.

**КЕРУ** (Керу) – а. Қордай ауданы. Ауыл тұрғындарының ұсынысына орай, ҚР Жоғарғы Кеңесі төрағасының 05.07.1991 ж. №751-ХІІ Қаулысы бойынша Новоалександровка селосының аты өзгертіліп, бұрынғы тарихи аты қалпына келтіріліп, Керу ауылы аталды.

Атаудың мағынасын қазіргі қазақ тіліндегі материалдардан түсіндіру тым қиын. Э.М.Мурзаевтың пайымдауынша, шубаш ғалымы Г.Е. Корнилов шубаш тілінде *кар* сөзі арқылы жасалған: Шубаш кар яғни Чебоксары атауын, ондағы кар сөзін түрік тіліне тән, демек, *кар* «қорған» мәніндегі сөз деп қарайды. Ал пермь тілінде *кар* – «Қалашық», «бекінісі, қорған» деген мәнді білдіретін сөз екен (Э.М.Мурзаев. М., 1984. С. 254). Бұл дерекке қарағанда, Керу атауындағы *кер* сөзінің сол бастапқы кездегі *кар* сөзінің тілімізде өзгеріп, жіңішке тұлғада айтылған түрі деп қараудың нобайы бардай, ал атау сонындағы -у қосымша екені сөзсіз деп пайымдаймыз.

**ҚАЛҒҰТЫ** (Калгуты) — а. Қордай ауданы. Бұл атау орысша Калгута болып қате жазылып жүр. Атау Қазақстанның басқа жерлерінде де кездеседі. Мәселен, Шығыс Қазақстандағы және Алматы облысындағы өзен аты, Семей облысы Аягөз ауданындағы жер аты Қалғұты деп аталады. Белгілі қазақ топонимисі Ғ.Қоңқашпаевтың пікірі бойынша, бұл моңғолдың *халга* (қақпа) деген сөзінен алынған және тауды кесіп өтетін өзен аңғарының рельефін дәл береді (Г.Конкашпев. Географические названия монгольского происхождения. Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения. Вып. 1 (11). 1959. 91-б.).

Осы жерде экспедицияда болған Ж.Болатовқа жергілікті қазақтар бұл моңғолдың «қазды» деген сөзі деп түсіндірген. «Шынында да, — деп жазады Ж.Болатов — қазды моңғолдар *галу*, *галлун* деп атайды екен, осыған қарағанда, бұл жер аты да моңғол сөзінен шыққан болып табылады». (Ж.Болатов. Қошағаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. «Қазақ тілі тарихы мен...» Жинақ. 4-шығыуы, 1962. 53 б.). Ал С.Хабшай, Ә.Міністің «Моңғолша-қазақша сөздігінде *галу* — үйрек» дегенді білдіреді.

**ҚОРДАЙ** — аудан, Шу-Іле тауларындағы Алматы мен Бішкек қалаларының арасындағы асу. Ғ.Қоңқашпаевтың пікірі бойынша, бұл моңғолдың «хуртай» (жанбырлы) деген сөзінен қойылуы мүмкін (Ғ.Қоңқашпаев, Геог. наз. монғ. проис., изд. АН КазССР. Сер. фил. искуc. Вып. 1 (11). 1959).

Алғашында Ғ.Қоңқашпаевтың бұл жорамалы қонымды сияқты көрінгенімен, іздену үстінде бұл атауға байланысты біз бірталай тың материалға кездестік. Қашқари еңбегінде *қордай* сөзіне «құстың бір түрі» деп түсінік берген. В.В.Радлов сөздігінде *қордай* сөзі телеуіт, алтай тілдерінде «цапля» делініпті (II т. Часть I. С. 576). Осы құс атауларына байланысты қойылды ма десек, мұндай құс Қордай асуында жоқ.

Біздің ойымызша, Қордай атауы түркі-моңғолдың *хор/қар* (снег) деген сөзіне байланысты қойылған сияқты. Өйткені *қор* моңғолша «омбы қар, күртік, боран, дауыл үйіп тастаған қар» (С.Хабшай, Ә.Мініс, Мон.каз.сөз.Уланбатор.1954. 290-б.) Моңғолдың *хор* (снег) сөзі түркі тілдерінде *қар/қор* өзбекше түрінде келеді.

Ал атаудың екінші компоненті *-дай /-тай* қазіргі түркі тілдеріндегі *-лы/ -лі, -ты/-ті, -ды/ -ді* туынды сын есім жұрнағының көне варианты. Бұл жұрнақ моңғол тілінде сақталған (Г.И.Рамстедт. Введ. в алт. языке. М., 1957. С. 205).

Сөйтіп, бұл атау Қордай асуының қыста қарлы, боранды болатын құбылысын дәл көрсетеді. Қордайдан ертеде Азия керуен жолы өтетін болған және қыста бұл жер өтуге өте қауіпті болған. Міне сондықтан атау түркі-моңғол тіл ортақтығы, яғни алтай заманында жасалып, тілдің көне көрінісін өзгертпей сақтап қалған.

Сөйтіп атаудың шығу төркінін былай сипаттауға болады: *қар/қор/хор/снег+тай/дай* (туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ) = қордай, көне мағынасы «қарлы» (асу).

**СУЯБ** — Шу өзенінің бойындағы тарихи қаланың аты. Бұл қала туралы мынадай тарихи деректер бар. 563—567 жылдары түркілер эфталиттерді жеңіп, мемлекеттік басшылықты қолына алды. 581 жылы түркі қағанаты екіге бөлінді: шығыс хандығы (орталығы Моңғолияда), батыс хандығы (орталығы — Жетісуда Шу өзені бойындағы Суяб деген қала). Батыс түркі қағанатына Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік шығыс аудандары енді. Бұған үйсін, қаңлы, қарлық, түргеш, шығыл, яғма (жайма) сияқты үлкен тайпа одақтары енді. Бұл тайпалардың бәрі түркі тілдес болды (Қазақ ССР тарихы. 1-т., орыс тілінде. Алматы, 1957. 56-57-бб.).

Акад. В. В. Бартольдтің пікірі бойынша, Суяб қаласының аты түркі-соғди сөздерінен бірігіп жасалған. Оған мынадай тарихи және географиялық факторлар себепші болған. Суяб қаласы Шу өзені мен Чоң-кемин өзендерінің түйіскен жерінде салынған. Шу өзенінің бойында келімсек соғдилар болған. Осы екі өзеннің қосылуы және Шу өзенінің бойында соғдилардың болуы Суяб деген атаудың жасалуына себепші болған (В. В. Бартольд. Очерки истории Семиречья. Фрунзе, 1943. 21 б.).

Сөйтіп, бұл атау екі сөздің қосындысынан жасалған: түркі сөзі — *су*+соғди сөзі *-аб*. Соғди тіліндегі *аб* бұл да *су* деген сөз. Суяб қаласының аты «су бойындағы қала» деген мағынаны білдірген.

**ШУ** — басы Қырғызстаннан басталып, Жамбыл облысын басып өтетін өзен аты. X ғасырдағы араб ғалымы Макдиси Шу аңғарында қалалардың атын айтады, соның ішінде Шу өзені бойында Шу қаласы да бар. Акад. В.В.Бартольд түркі тілінде *ч* мен *с* дыбыстары алмасатынын айта келіп, *Суй/Чуй, Саганиан/Чаганиан* атауларын мысалға келтірген болатын (В.В.Бартольд. От о.поез.в Сред. Аз. 1893-94 г.СПб., 1897. С. 30).

**ШУ** — сөзінің этимологиясы туралы белгілі зерттеуші Ә.М.Мурзаев былай дейді: «*Чу* — видимо, связана с китайско-тибетской формой

«шу», «чу» что означает вода, речка, река. В древние времена страна по нижнему течению р. Чу носила название Шу, а древний города р. Чу еще в до мусульманское время назывался Суяб или Чуяб. В Тибете многие названия небольших и средних рек включает этот термин (Э.М.Мурзаев. Средняя Азия. М., 1957. 257 б.).

Біздің ойымызша, *шу* көне түркі тілінің сөзі. Өйткені біріншіден, осы өзен бойындағы қаланың аты Суяб, Шуяб болып аталуындағы *су* сөзі тегін тұрған жоқ. Мұның өзі өзеннің түркі диалектілерінде бірде *Су*, бірде *Шу* аталғандарын дәлелдейді. Екіншіден, *с/ш* дыбыстарының түркі тілдерінде ауысатыны кеңінен танылған құбылыс.

Жазушы І.Есенберлиннің «Көшпенділер» романында Шу өзені туралы және Шу қаласы жайында былай сипаттама береді: «Түркістан мен Дешті Қыпшақ даласының түйіскен алқабын бауырлай, Мойынқұмның күншығыс жағын орап, басын Тянь-Шань тауының құшағындағы Ыстықкөл мен Соң көлден алған, мың шақырымдай құмайт шөлді, тақырлы, биік жартасты сайларды көктей өтіп, қазақтың атақты арналарының бірі – Шу өзені ағады. Оңтүстіктен келетін ең алғашқы Теріскей Алатау жақтағы мұзды қойнауынан шығатын Қара қожыр мен Түлін деген ағысы қатты тау өзендерін, солтүстік-шығысқа қарай беттеген Қошқар деген өзенді қосып, Шу Ыстықкөл мен Күметалды өзені арқылы ұлғайып, етегін жая Күнгей Алатаудың қойнауынан бұрқырай өтіп, солтүстік-күнбатысқа бұрылады. Бұдан кейін Шу Алатауды бөктерлей отырып, қырғыз жерін баса жолай Үлкен Кебін, Кіші Кебін секілді бірнеше өзендерді өзіне қоса, ақырында Мойынқұмның күншығыс жағынан барып шығады».

ШУ өзенінің бойында осы өзен атының атымен аталған қала бар. Бұл атау туралы бір кездегі жерұйық іздеген Асан қайғы былай деген екен: «Мына шіркіннің екі жағы борбас екен; баланың іші қуырылмайтуғын, пышағы қыннан суырылмайтын, еркегі ат болатын, ұрғашысы жат болатын жер екен».

Бұл атау туралы Мары ғалымдарының арасында да біраз пікірлер болған. Мәселен, Т.Керт пен

Н.Мамонтова карель тілінің *суо* «болото» сөзінен алынған дейді. Бірақ бұған «Вопросы марийской ономастики» деген еңбекте қарсы пікір айтылған: «Вероятнее всего, Шу – не из карельского «болота», он докарельской: финно-кормский, восходящий к уральскому *со /су/* или *сов /суб/*; с которым карельское слова *суо* «болото», очевидно, генетически связано» (Мары ономастикасы, 18-б.).

Қорыта айтқанда, атау көне түркі дәуірінде жасалған. Берер мағынасы – *су* деген ұғым. Сонымен Шу сөзі «өзен» мағынасындағы көне түркі диалектілерінің бірінде жасалған гидроним деп ойлаймыз.

ТАРТҮҚ (Тартук) – Жамбыл облысындағы көне тарихи қаланың аты. Қала туралы дерек XI ғ. ғалымы М.Қашқари еңбегінде бар. Онда: «Тартүк – яғмалардың бір қаласының аты» деп көрсетілген (М.Қашқари 1-т. 434-б.). Тарихи деректерге, X ғ. Қараханид мемлекеті құрылғанға дейін Жетісу өлкесінде қарлық, шығыл, арғу, яғма (С.Аманжолов пікірі бойынша, дулат тайпа одағына кіретін жайма руы. Вопросы истории и диалектологии. 1959, 89-б.) тайпалары үстемдік еткен. Тартүк қаласының аты осы яғма тілінде жасалған деген пікір бар. Сөз түбірі *тар* < *тары* оған сын есім тудыратын *лы* (варианттарымен) жұрнағының көне варианты – *түк* қосылуы арқылы жасалған, яғни Тары+түк, Тартүк. Атаудың мағынасы қазіргі тіліміздегі «тары-лы, яғни тары, тарысы көп» (жер) дегенге сәйкес келеді.

## ӘДЕБИЕТ

1. Әбдірахманов Ә. Топонимика және этимология. Алматы, 1975.
2. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. Алматы, 1988.
3. Абдрахманов А. Историко-этимологическое исследование топонимов Казахстана / Научный доклад по опубликованному труду, представленный к защите на соискание степени доктора филологических наук. Алматы, 1991.
4. Жанұзақ Т. Қазақ топонимдерін этимологиялық тұрғыдан зерттеудің негізгі бағыттары // Ономастикалық хабаршы. Астана, 2004. №1.